

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

3. Lu Geng Study of the Motion Graphic Design at the Digital Age

4. Sahana Chawla Benefits of 3D animation and its importance // URL: <https://www.linkedin.com/pulse/benefits-3d-animation-its-importance-sahana-chawla>

5. Dr. L. Jayasimman1, B. Senthil Kumar, M.Sughasiny, Dr. Nisha Jebaseeli M. R. Chitra Mai 3-D animation for effective memory

ОӘЖ 712.01

САЯБАҚ АЙМАҚТАРЫ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН ДЕМАЛЫС ОРНЫ РЕТІНДЕ

Түлебаева Аида Бауыржақызы

aidat@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының
5 курс студенті, Астана, Қазақстан,

Ералы Эльмира Әнуарбекқызы

el_murasy@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының аға
оқытушысы, Астана, Қазақстан

Қаладағы және оның айналасындағы табиғат күн сайын ауыр сынақтан өтеді. Қалалар өнеркәсіптің, құрылыстың, энергетиканың, көлік парктерінің, халықтың шоғырлану орны бола отырып, ауаның, жер үсті және жер асты суларының, топырақтың антропогендік ластану көздері болып табылады. Оларды өз аумағына және айналасына газ тәрізді, сұйық және қатты заттардың көп мөлшерін шашатын жанартаулармен салыстыруға болады. Қала қоршаған кеңістікпен зат пен энергияны белсенді түрде алмасады [1].

Саябақ аймақтары көміртектің, яғни климаттың өзгеруінің қозғаушы күшінің, зиянды ластануын азайтады. Саябақтар денсаулық сақтаудың кейбір негізгі мәселелерін азайтады. Сондай-ақ саябақ аймақтарының пайдасынан мыналарды атап өтуге болады:

- ыстықтан құтқарады;
- су тасқынынан құтқарады;
- ауаны тазартады.

Саябақ аймақтары адам ағзасының қалыпты физиологиялық қызметін барынша қамтамасыз ете алады, оның физикалық және моральдық күштерін қалпына келтіруге жәрдемдесетін негізгі экологиялық таза аумақтар болып табылады [2]. Жоғары қысымды, инсультті болдырмау үшін егде жастағы адамдар үшін моральдық демалу және тыныш орта маңызды. Жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйене отырып, егдежастағы адамдардың демалысы үшін саябақ аймақтарын құру тамаша шешім болып табылады.

4. Саябақ аймақтарының артықшылығы

Саябақ аймақтары қала тұрғындарының денсаулығына, әсіресе егде жастағы адамдарға жағымды әсер етеді. Таза ауа, күн сәулесі физикалық белсенділікпен бірге күшті иммунитет, сергектік пен жақсы көңіл-күй береді. Сондай-ақ, саябақтар – бұл адамдар бос уақыттарын өткізуге, қаланың қарбаласынан демалуға және жай ғана табиғаттан ләззат алуға болатын орын [3]. Артықшылықтар тізіміне келесі ақпаратты да қосуға болады:

- Қарт адамдар уақыт өткізетін, араласатын және қызығушылық клубтарын құратын орын пайда болады;
- Таза ауа, табиғат денсаулықты жақсартады, яғни иммунитетті көтереді және өмір сүру деңгейін арттырады;
- Егде жастағы адамдар үшін мәдени-демалыс қызметтеріне қол жетімділігі;
- Егде жастағы адамдар басқа адамдармен бөлісе алатын сүйікті ісіне пайда болады.

Егде жастағы адамдардың бір бөлігі үшін спортпен шұғылданыу – сүйікті іс. Бұл әрекет егде жастағы адамдарға келесідей әсер едеті:

- физикалық, психологиялық жағдайына оң әсер тигізеді;
- стресстен алшақтатады;
- екінші тыныс ашлады;
- өмірге деген қызығушылықты оятады, күш-қуат береді;
- қоршаған әлем туралы білімді кеңейтеді;
- өзіне деген сенімділікті арттырады;
- шығармашылықты, жасырын қабілеттерді ашады;
- денсаулық проблемаларынан арылуға көмектеседі.

Қазақтардың отбасы ішінде де, жалпы қоғамда да өзара қарым-қатынасы «үлкен-кіші» қағидатына негізделеді. Бұл қағида адам тәрбиесінің негізі болып табылады. Сондықтан біз үшін егде жастағы адамдардың жағдайы маңызды.

5. Егде жастағы адамдардың демалуына арналған саябақ аймақтары қай орындарды қамтиды?

Біріншіден, бұл физикалық және моральдық күштерін қалпына келтіретін демалыс орындары болғандықтан көптеген көгалдандыруды, пайдалы ағаштар мен өсімдіктерді қамтиды. Соның ішінде эстетикалық ләззат алу үшін су бұрқақтар және егде жастағы адамдарға бейімделген шағын архитектуралық пішіндер, ыңғайлы орындықтар, ілулі әткеншектерді қамтиды. Егде жастағы адамдарға ыңғайлы болу үшін барлық пішіндерді жарақаттанудың алдын алу үшін өткір бұрыштарсыз дөңгелектеуге болады. Бұл эстетикалық жағымды және қауіпсіз көрінеді. Шағын архитектуралық формалардың мысалын 1-суреттен көруге болады.



Сур.1 Егде жастағы адамдарға арналған шағын архитектуралық формалар

Ең бастысы, егде адамдар үшін отыруға және табиғатты тамашалауға мүмкіндік беретін орын қажет. Жақсы нұсқалардың бірі ретінде адамның силуэтіне арналған шезлонгтар. 2-суреттен саябақ шезлондарын көре аласыз.

Бұл шезлонгтар адамның силуэтіне арнап жасалған, жартылай жатқан күйінде денені босаңсытуға мүмкіндік береді, төменгі арқадағы жүктемені азайтады,

Егер түстер бойынша сұрыптама жүргізсек, жасыл түске баса назар аударған дұрыс. Жасыл түске жиі қарау пайдалы. Ол, офтальмологтар анықтағандай, визуалды анализаторларға тыныштандыратын және жалпы жүйке жүйесіне тыныштандыратын әсер етеді. Гүлденген жапырақтары бар шөптерді немесе ағаштарды бақылау көз шаршауын жеңілдетеді. Сондай-ақ, ең тыныштандыратын түс – көк. Кішкентай архитектуралық пішіндерді осы түске бояуға болады.



Сур.2 Саябақ шезлондары

Екіншіден, спортпен шұғылдану үшін ашық спорт аймақтарын құру. Егде жастағы адамдардың көпшілігі, жасы үлкен болса да, денесі әлі де жақсы жағдайда. Олар үшін спорт алаңдарын, тренажерлерді, веложолдар мен жабық бассейнді орналастыруға болады. Өйткені, спорт-денсаулықты нығайтады (Сурет-3). Спортпен шұғылдану ағзадағы өзгерістерді бәсеңдетуге және көптеген «жасқа байланысты» аурулардың даму қаупін азайтуға көмектеседі: остеопороз, инфаркт, инсульт, гипертония, ишемиялық ауру, қант диабеті және басқалар.



Сур. 3 Егде жастағы адамдар спортпен айналысады

Үшіншіден, саябақ аймағында қызығушылық клубтарын құру – бұл ең үлкен айырмашылық болады, себебі егде жастағы адамдарға тән келесідей тізімді айтуға болады:

- шығармашылықпен айналысу және көрмелерді аралау;
- музыкалық аспаптарды меңгеру және музыкалық топтар құру;
- әңгімелесу, жастықты еске алғанды ұнататындықтан олар дөңгелек үстелде өздерінің жастық шақтары мен тәжірибелерімен бөлісу;
- спортпен, йогамен және бимен айналысу;
- тамақ дайындау мен айналысыңыз.

Көптеген жандар тамақ дайындағанды ұнатады, ал ең дәмді тағамдарды тек әжелер ғана пісіруді біледі. Осы орайда олар өз тәжірибелерімен бөлісетін және бір-бірінің тағамдарынан ауыз тие алатындай аспаздық клубтар құру да өте жақсы болар еді. Осының арқасында басқа елдердің қонақтарымен де тәжірибе алмасуға болады. Өйткені, қазақ халқы ең қонақжай және табақ тарту, ауыз тию және сарқыт сияқты тағамға қатысты көптеген дәстүрлері бар. Мұның бәрі біздің еліміздегі туризмді дамытуға қосқан үлесті қамтиды.

Жоғарыда айтылған сөздерден қорытынды жасай отырып, саябақ аймақтарын егде жастағы адамдар үшін ең оңтайлы орта ретінде ұйымдастыру маңызды болушы еді. Өйткені, олардың сыртқы әлем, табиғат және басқа адамдармен күнделікті қарым-қатынас жасау

шынымен өте маңызды. Осының арқасында олар махаббат пен қамқорлықты сезінеді және бұл олардың әл-ауқатына да жақсы әсер етеді.

Қорыта келе, зейнеткерлік жастағы адамдарға арналған саябақ аймағына талдау жасау, саябақ аймақтарының артықшылықтары және олардың зейнеткерлік жастағы адамдарға қажеттілігін анықтау.

Қолданылған дереккөздердің тізімі

1. Козлов А.Т., Бельских Н.В., Козлов Н.А. Особенности экологического кризиса в промышленном городе и механизм его преодоления // Вестник ВГУ, серия Химия. Биология. Фармация. – 2014, № 1. С. 56–60.
2. Исаев А.С., Коровин Г.Н. Актуальные проблемы национальной лесной политики. М.: Левко/Центр экологической политики России, 2009. 108 с
3. Нагибина, И. Ю. Значение парковых зон для жителей городской среды / И. Ю. Нагибина, Е. Ю. Журова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2014. – № 20 (79)

ОӘЖ 004.774.6

ВЕБ САЙТ ЖӘНЕ САЙТ ТҮРЛЕРІ

Уалиева Дана Ерланқызы

dualiyeva7@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының

5 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.М. Тусупбекова

Веб-сайт, логикалық байланысты веб-беттердің жиынтығы ретінде немесе жай ғана бір бет. Сайт беттері Интернетте НТТР немесе https протоколдары арқылы қол жетімді. Веб-сайттың интернетте өз орны бар, оны әр сайт үшін жеке мекен-жай анықтайды, немесе әдетте URL деп атайды. Кез-келген веб-сайттың иесі бар, оның иесі жеке тұлға да, заңды тұлға да бола алады. Қазіргі уақытта адамдар көптеген ақпаратты білуді, жаңа білімді үйренуді ұнатады. Қазір адамдар өмірде септігін тигізетін кез келген ақпаратты бағалайды. Сондықтан, қазіргі уақытта интернет кез келген ақпаратты таба алады және қысқаша, түсінікті сипаттай алады. Интернет сипаттайтын ақпаратты түсіну үшін бізге фотосуреттер мен бейнелерді көрсетеді. Технология күн санап өзгеру үстінде, бүгінгі таңда газеттер мен журналдардың баспа өнімдері өзекті болмауда. Қазір барлығы интернет арқылы мағұлмат ала алады. Бүгінгі таңда әрбір компанияға веб-сайт қажет, компанияның веб-сайтының болуы өзектілігі мен сенімділігін сипаттайды. Веб-сайт фирманың сапасын жақсарту үшін қажет, аудиторияға компания туралы өнім ақпаратын сипаттауы үшін бұл веб-сайт өте маңызды, өйткені ақпарат оңай қол жетімді болады. Интернетте әр түрлі функциялар бар сайтың көптеген түрлері бар. Сайттар екі түрге бөлінеді: коммерциялық немесе коммерциялық емес болып. Жұмыс істейтін және веб-сайты бар бизнес коммерциялық өкілдік болып табылады. Интернет-сауда онлайн бизнес саласы коммерциялық емес нысан болып табылады [1].

Сайттардың 4 түрі бар:

- Ақпараттық сайт
- Сайт визитка
- Электрондық дүкендер сайтты (Landing)
- Корпоративтік сайт

Ақпараттық сайт – мұндай сайттарда сауалнама, дауыс беру бар. Ақпараттық сайттың қасиеттері сайттар ақпаратты жылдам есте сақтау үшін дизайнға ие тез арада әрі ынғайлы навигацияға ие. Ақпараттық сайт белгілі бір мақсатты аудиторияға арналған танымдық